

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
«Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ

«Бекітемін»

Қабылдау комиссиясының төрағасы
Басқарма төрағасы-ректор

Идрисов С. Н.

«19.12.»

06

2025 ж.



6B01405-«Көркем білім», 6B01404-«Бейнелеу өнері және көркем еңбек» білім беру
бағдарламалары бойынша шығармашылық емтихандар

БАҒДАРЛАМАСЫ

(қысқартылған оқу мерзімі, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі
бар тұлғаларға арналған)

Әзірлеушілер:

Аға оқытушы, кафедра менгерушісі




Бекешева А.С.

Аға оқытушы, магистр



Тулеуов Д. А.

Аға оқытушы, магистр



Карабалин У. Т.

Қабылдау шығармашылық емтихандарының бағдарламасы «Бейнелеу өнері және дизайн»
кафедрасы отырысында талқыланды

Хаттама № 9 «10 » «Май» 2025 ж.



Каф.менгерушісі

Бекешева А. С.

МАЗМҰНЫ

1. Емтихан мазмұны	4
2. Емтихан өткізу тәртібі.....	4
3. Шығармашылық емтихан тапсырмалары.....	4
4. Ерекше білім беруді қажет ететін талапкерлердің.....	5
5. Бағалау критерийлері.....	5
6. Әдебиеттер.....	8
	11

1. ЕМТИХАН МАЗМУНЫ

1.1 6B01404-«Бейнелеу өнері және көркем еңбек» білім беру бағдарламасы бойынша шығармашылық емтихан өткізу бағдарламасы «Жоғары және жоғары оку орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру үйымдарына окуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» КР БФМ 2018 жылғы 31 қазандагы № 600 бұйрығына сәйкес құрастырылған.

1.2 Бір шығармашылық емтихан: Сурет пәнінен.

Шығармашылық емтиханның максималды балл саны – 20 балл. Ең төменгі – 5 балл.

1.3 «Сурет» пәні бойынша емтихан бейнежазбамен жабдықталған арнайы аудиторияларда бекітілген кестеге сәйкес бір күн ішінде (3 сағат) өткізіледі. Окуға тусушілер үшін әзірленген тапсырмалардың екі нұсқасына сәйкес қойылымдар дайындалады. Талапкердің аудиториядагы орны емтихан алдында алынған нөмірге сәйкес келеді. Сурет қабылдау комиссиясының мөрімен А3 форматында орындалады. Барлық жұмыстарды қабылдау комиссиясының өкілі шифрлайды.

2. ЕМТИХАН ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

2.1 Шығармашылық емтиханды өткізу аудиториясына жіберуді және емтиханды өткізу кезінде осы ережелерді сактауды қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы және оның орынбасары, емтиханды өткізуге тартылған арнайы кезекшілер, техникалық хатшы қамтамасыз етеді.

2.2 Шығармашылық емтиханды өткізу кезінде аудиторияда бөгде адамдардың болуына жол берілмейді.

2.3 Талапкер шығармашылық емтиханға кестеде көрсетілген мерзімде келуге міндетті. Талапкерді аудиторияға жіберу емтихан басталғанға дейін 30 минут бұрын жүргізіледі.

2.4 Талапкерді шығармашылық емтихан аудиториясына жіберуге жеке басын күеландыратын құжаттымен жүзеге асады.

2.5 Шығармашылық емтихан уақыты - 3 академиялық сағат.

2.6 Шығармашылық емтихан тапсыру кезінде орын ауыстыруға және ұялы телефонмен кіруге тыбын салынады.

2.7 Шығармашылық емтиханды өткізу кезінде талапкерлер келесі талаптарды сақтайды: 1) тыныштықты сактауга және өз бетінше жұмыс істеуге, емтихан алушылармен және басқа талапкерлермен сейлеспеуге; 2) аудитория бойынша жүрмеуге, басқа орынға отырмауға; 3) шығармашылық емтихан аяқталғанға дейін емтихан алушының рұқсатынсыз емтихан аудиториясынан шықпауға міндетті.

2.8 Осы ережелерді бұзғаны үшін талапкер аудиториядан шығарылады. Бұл ретте емтихан жұмысының титулдық парагында емтихан алушылардың колдарымен расталған жою себебі туралы жазба жасалады. Орындалған жұмыс жойылады.

2.9 Шығармашылық емтиханға қайта кіруге және оны қайта тапсыруға жол берілмейді.

2.10 Шығармашылық жұмысын тексеруді Пәндік комиссия мүшелері ғана жүргізеді.

2.11 Шығармашылық емтиханды өткізу қорытындылары Бағалау парагы мен пәндік комиссия хаттамасымен ресімделеді. Бағалау қағазы мен бағалары және тексеруші емтихан алушылар, пәндік комиссия төрағасы қолдары қойылған хаттама нәтижелерін жариялау үшін жауапты хатшыға (оның орынбасарына) беріледі.

2.12 Шығармашылық емтихан қорытындысы емтихан өткізілген күні жарияланады.

2.13 Шығармашылық емтиханда бағалау талаптарының сақталуын қамтамасыз ету және даулы мәселелерді шешу, шығармашылық емтихандарды тапсырушы адамдардың қуқықтарын қорғау мақсатында емтихандарды өткізу кезеңінде әрбір жоғары оку орнында апелляциялық комиссия күрүлады. Апелляциялық комиссиялар шығармашылық емтихан нәтижелерімен келіспеген адамдардың өтініштерін қарau үшін күрүлады. Апелляциялық

комиссияның төрағасы мен құрамы Басқарма төрағасы-ректорының бүйрығымен бекітіледі.

2.14 Шығармашылық емтихан қорытындысына келіспеген жағдайда апелляцияға өтініш беруге арнайы уақыт (*келесі күнгі 13:00-ге дейін*) беріледі.

2.15 Апелляцияға өтінішті шығармашылық емтихан тапсырған адам апелляциялық комиссия төрағасының атына жеке береді. Шығармашылық емтихан нәтижелерімен келіспеу туралы апелляция жөніндегі шешім комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен қабылданады. Дауystар тең болған жағдайда Комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады. Апелляциялық комиссияның жұмысы төраға және Комиссияның барлық мүшелері қол қойған хаттамамен рәсімделеді.

2.16 Сурет бойынша емтихан үшін келесі құралдар мен материалдар ұсынылады: қағаз, жұмсақтығы әр түрлі қарындаштар (НВ, В, 2В), өшіргіш (жұмсақ, сурет салуға арналған).

3. ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАН ТАПСЫРМАСЫ

Шығармашылық емтихан – «Сурет» пәні бойынша тапсырма (гипстен жасалған Сократ немесе Венера бетпердесі)

3.1 Жалпы орта білім беру үйымдарының түлектеріне, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру үйымдарының түлектеріне қойылатын талаптар емтихан бойынша гипстен жасалған Сократ немесе Венера бетпердесінің суреті:

3.2 Емтихан қойылымына сурет бойынша талапкер келесі дағдыларды көрсетуі тиіс:

- орналастыру және құрылымы;
- суреттің реңдік бірлігі мен тұтастығы;
- пішімде композициялық ізденіс;
- гипс жапырақ пішінің арақатынасы, оның өзіне тән ерекшеліктері (көлемі, бұрылымы, бір-біріне қатысты орналасуы), кеңістіктегі орыны;
- бөліктерінің пропорцияларын сақтау;
- үлкен конструкциялық құрылым және үлкен пішімді жарық пен көленке арқылы сомдау;
- сзықты, штрихті, дақты нақты айқындау;
- суреттің толық аяқталуы.

3.3 Емтихан тапсырмасын орындау бойынша ұсыныстар: жұмысты үш негізгі кезеңде бөлу. Барлық кезеңдер тең уақыт сегменттеріне бөлінеді:

- 1) композицияны анықтау. Бейне қағаз парагина жақсы орналастырылуы керек. Парапттың екі өлшемді жазықтығында қойылымның үш өлшемділігін көрсету қажет;
- 2) суреттегі пропорцияларда пішінің құрылымын дұрыс анықтау;
- 3) суреттегі реңдік қатынастарды құру. Қойылым көлемін реңмен жеткізу.

4. ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУДІ ҚАЖЕТ ЕТЕТИН ТАЛАПКЕРЛЕРГЕ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАН БАҒДАРЛАМАСЫ

- нашар еститін;
- нашар көретін;
- сөйлеу бұзылыстары;
- тірек-кимыл аппаратының кемшілігі;

4.1 «Сурет» пәнінен шығармашылық емтихан талаптарын орындауда ерекше білім беруді қажет ететін талапкерлерге қойылымға жақын орналасуна жағдай жасалады.

4.2 Инклозивті шығармашылық емтихан жұмысында талапкердің әрқайсысының ерекшеліктерін ескеріп жағымды орта қалыптастыру.

4.3 Мүмкіндіктері мен қажеттіліктеріне байланысты емтихан жұмыс қойылымын үйымдастыру, орындау материалының мүмкіндігі шектеулі талапкер үшін қажетті және жеткілікті, өзіне таныс бейімді етіп әзірлеу.



4.4 «Сурет» бойынша емтихан 3 сағатта арнағы жабдықталған аудиторияларда өткізіледі. Оқуға түсушілер үшін әзірленген тапсырмалардың екі нұсқасына сәйкес қойылымдар дайындалады. Талапкердің аудиториядағы орны емтихан алдында алынған нөмірмен белгіленеді. Қабылдау комиссиясының мөрі басылған А3 форматында орындалады. Барлық жұмыстарды қабылдау комиссиясының өкілі белгілейді.

4.5 Материалдық-техникалық қамтамасыз ету шарттары:

- қажеттіліктерін ескере отырып, санитарлық-гигиеналық нормалары (сүмен жабдықтауға, кәрізге, жарықтандыруға, ая - жылу режиміне және т. б. талаптар);
- мүмкіндігі шектеулі білім беру мекемесінің инфрақұрылым нысанына кедергісіз қол жеткізу мүмкіндігі.
- талапкер қажеттіліктерін ескере отырып, санитарлық-тұрмыстық жағдайлар (жабдықталған гардеробтардың, санитарлық тораптардың, жеке гигиена орындарының болуы және т. б.);

Шығармашылық емтихан қойылым нұсқасы

«Сурет» пәні бойынша тапсырма (гипстен жасалған Сократ немесе Венера беттердесі)



5. БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ

«Сурет» пәнінен шығармашылық емтиханды бағалау критерийлері

№	Бағалау критерийлері	Балл
1	Қағаздың форматын дұрыс тандау (көлденен немесе тігінен орналасуы)	2
2	Нақты белгіленген композициялық ортаға сай орналастыру сауаттылығы. Параптың бетінен композицияның барлық бөліктерін ұтымды сиғызу, бейнені қағазға дұрыс орналастыру дағдысы, композициялық тепетендік.	5
3	Қағаз бетіндегі композициялық шешімі, пропорцияны сезуі, көз мөлшері, жарық пен көлеңкенің талдауы, тұтас пішін мен көлемдерін штрих пен сыйықтар арқылы көрсетуі.	6
4	Ая және сыйықтың перспектива заңдылықтарын ескеру.	7
Барлығы:		20

Жұмыстарды бағалау кезінде комиссия олардың мынандай ерекшеліктеріне көніл бөледі:

- Нэрсенің, заттардың **кұрылымы** табылмауы.
- Жазықтық бетіне дұрыс орналастырылмауы.
- Жарық, көленке, рендік қатынастар көрсетілмеуі.

4-0 балл – «Қанағаттанарлықсыз»

- Композиция шешімін таба алмауы.
- Перспектива занылыштарының мүлдем сакталмауы.
- Заттардың, нэрсенің пішіні, **кұрылымы** жағынан қате болуы.

ЭДЕБИЕТТЕР

1. Осмоловская О.В., Мусатов А.А. «Рисунок по представлению» учебное пособие М., «Архитектура-С» 2012г.
2. Ломоносова М. Т. Графика и живопись. Учебное пособие. - М., Астель, 2006. – 202 с
3. Штаничева Наталья Сергеевна, Денисенко Виктор Иванович. Живопись. Учебное пособие для ВУЗов Академический проект, 2009 г.
4. Д Анрие, Касан А., Дитрих Ф. Основы живописи. Полное учебное пособие. Композиция, перспектива, живопись АСТ, 2020 г.
5. Ли, Н.Г. Основы учебного академического рисунка: учебник для вузов/Н.Г. Ли. - М.: Эксмо, 2007.
6. Ли Н.Г. -Рисунок. Основы учебного академического рисунка. Учебник,-М.: Эксмо 2011.
7. Беляева С.Е., Розанов Е.А. Спец рисунок и художественная графика. М.: 2006
8. Тихонов С.В. «Рисунок» учебное пособие для вузов, М., изд-во «Архитектура», 2001г.
9. Кирцер, Ю. М. Рисунок и живопись: Учеб. Пособие.6-е изд., - М.: Высп. шк., 2005 г.
10. Тихонов С.В. «Рисунок» учебное пособие для вузов, М., изд-во «Архитектура», 2001г